

Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № С-11/6 " Еңбекшілдер ауданында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін беру ережесі бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2013 жылғы 9 қаңтардағы № С-12/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 қаңтарда № 3626 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № С-15/6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 26.04.2013 № С-15/6 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін беру ережесін бекіту туралы» қаулысының негізінде Еңбекшілдер аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Еңбекшілдер аудандық мәслихаттың «Еңбекшілдер ауданында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін беру ережесі бекіту туралы» 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № С-11/6 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-10-81 тіркеліп, 2009 жылғы 13 ақпанда аудандық «Жаңа дәуір» газетінде және 2009 жылғы 14 ақпанда аудандық «Сельская Новь» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

осы шешіммен бекітілген Еңбекшілдер ауданында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін беру Е р е ж е с і н д е :

2 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«2. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаты есебінен Еңбекшілдер ауданында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) шығындардың орнын толтыру үшін төлеу бойынша:

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар қосымша жалдаушылар болып табылатын отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп - ұстауға арналған шығыстар;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларына (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметін тұтыну;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді п а й д а л а н ғ а н ы ү ш і н ;

жекешелендірілген үй-жайларда пәтерлерде, жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге көмек көрсетіледі;

аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайын және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі. » ;

6 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«6. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеуге отбасының жиынтық табысының 15 % (пайыз) мөлшері белгіленеді.»;

14 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«14. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;

3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;

4) отбасының табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган белгілейді;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп - ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;
7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек - шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері
т у р а л ы ш о т ;

9) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын түбіртек-шот.»;

19 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«19. Тұрғын үй көмегі көрсету қызметіне әдейі жалған мәліметтер ұсынылған жағдайда ол тұрғын үй көмегінің жоғары немесе төмен тағайындалуына әсер етсе заңсыз тағайындалған соманы меншік иесі (жалға алушы) өз еркімен қайтарады, ал ол бас тартқан жағдайда сот арқылы қайтарылады.».

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы *Аудандық мәслихат*
А.Амрин

хатшысы *Аудандық мәслихаттың*
С.Есполов

«КЕЛІСІЛДІ»

Еңбекшілдер ауданының әкімі *Ақмола облысы*
А.Садуақасұлы